

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/105-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 24 сәуірде № 2274 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 42/438-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 13.09.2019 № 42/438-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Атауға өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.06.2017 № 13/155-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 510-бабының 2-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.06.2017 № 13/155-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының

төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Ө.Мелдеханов

Қ.Ержан

Оңтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының 2013 жылғы
28 наурыздағы № 12/105-V шешіміне
қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемері

Ескерту. Қосымшаның атауына өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.06.2017 № 13/155-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.06.2017 № 13/155-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Айлық есептік көрсеткішіндегі төлем мөлшерлемері
1	Ғылыми мақсаттарда	адам-күн	0,1
2	Экологиялық ағарту мақсаттарда	адам-күн	0,1
3	Мәдени ағарту мақсаттарда	адам-күн	0,01
4	Оқыту мақсаттарда	адам-күн	0,01
5	Туристік мақсаттарда	адам-күн	0,1
6	Рекреациялық мақсаттарда	адам-күн	0,1
7	Шектеулі шаруашылық мақсаттарда	адам-күн	0,1